

Х А Т Т А М А №3

жаңадан енгізілген заңнама талаптарын түсіндіру туралы

« 31 » наурыз 2026 жыл

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК-ның заңгері Б.Усенов және Аурухана қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қылмыстық процесік кодексіне толықтырулар енгізу туралы заңнама талаптарына түсіндірме жиналыс өткізілді.

Аурухана Заңгері – Б.Усенов:

2026 жылдың басында күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген негізгі түзетулер зорлық-зомбылық, қудалау және сыбайлас жемқорлық үшін жазаны күшейтуге бағытталған. Ұстау (115-1-бап) және еріксіз некеге тұру туралы баптар енгізілді, медицина қызметкерлерін қорғау күшейтілді (380-3-бап), ұсақ ұрлық қылмыссыздандырылды.

Нақты айтқанда, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне 380-3-бабы «Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе күш қолдану» енгізілді.

Заңмен медициналық қызметкерге, сондай-ақ, жедел медициналық жәрдем көлік құралының жүргізушісіне қызметтік міндеттерін атқару кезінде қорқыту және (немесе) күш қолдану фактілері үшін 200 АЕК бастап айыппұл салудан басталып, 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауаптылықты белгілейтін толықтырулар енгізу көзделген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 12-Тарауындағы 317-баптан бастап 323-бабына дейінгі аралықтағы баптарында медициналық және фармацевтикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершіліктер қарастырылғанын назарларыңызға жеткіземін.

Заңгер:



Б.Усенов